

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СУ

Құрамындағы формальдегидтің мөлшерін флуориметрлік әдіспен анықтау

ВОДА

Определение содержания формальдегида флуориметрическим методом

ҚР СТ 2392-2013

(ISO 5725-6-1994 «Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы және дәлдігі). 6-бөлім. Дәлдік мәндерін тәжірибеде қолдану», NEQ)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

СУ

Құрамындағы формальдегидтің мөлшерін флуориметрлік әдіспен анықтау

ҚР СТ 2392-2013

(ISO 5725-6-1994 «Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы және дәлдігі). 6-бөлім. Дәлдік мәндерін тәжірибеде қолдану», NEQ)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық ретету және метрология комитетінің «Қазақстан метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, «Люмэкс-маркетинг» ЖШБ (Санкт-Петербург қаласы, Ресей) **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы 22 қарашадағы № 538-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт 1 Cor.1:2001 техникалық түзетуімен қоса, ISO 5725-6-1994 «Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы және дәлдігі). 6-бөлім. Дәлдік мәндерін тәжірибеде қолдану» негізінде әзірленді.

Сәйкестік деңгейі – балама емес (NEQ).

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2018 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мәтіні - ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған немесе ауыстырылған (жойылған) жағдайда, тиісті ақпарат ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Әдістің мәні	3
5 Өлшеу құралдары, қосымша құрылғылар, реактивтер мен материалдар	3
5.1 Өлшеу құралдары	3
5.2 Реактивтер	4
5.3 Қосымша құрылғылар	4
6 Өлшеу дәлдігінің көрсеткіштері	5
7 Қауіпсіздік талаптары	5
8 Оператор біліктілігіне қойылатын талап	5
9 Өлшеуді орындау шарттары	6
10 Өлшеуді орындауға дайындық	6
11 Өлшеуді орындау	8
12 Өлшеу нәтижелерін өңдеу	9
13 Өлшеу нәтижелерін рәсімдері	10
14 Жаңғыртушылық жағдайларында алынған нәтижелердің үйлесімділігін тексеру	10
15 Зертханаларда әдістемені іске асыру кезінде өлшеу нәтижелерінің сапасын бақылау	12
А қосымшасы (ақпараттық) Өлшеу белгісіздігінің бюджеті	14
Б қосымшасы (ақпараттық) Формальдегидті айдауға арналған құрылғы сызбасы	16
В қосымшасы (ақпараттық) Өлшеуді орындауға арналған химиялық ыдысты дайындау	17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТЫ

СУ

Құрамындағы формальдегидтің мәлшерін флуориметрлік әдіспен анықтау

Енгізілген күні 2014-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ауыз су, сондай-ақ табиғи және ағын су сынамалары құрамындағы формальдегид концентрациясының мөлшерін флуориметрлік әдіспен анықтау әдісін белгілейді.

Салмақтық концентрацияның өлшенетін мәндерінің ауқымы сынаманы араластырусыз 0,02 мг/дм^3 -тан 0,5 мг/дм^3 –қа дейін құрайды. Егер сынама құрамындағы формальдегидтің салмақтық концентрациясы 0,5 мг/дм^3 –тан асатын болса, сынаманы жоғарыда көрсетілген тазартылған судың салмақтық концентрациясы мәніне дейін араластыруға болады, бірақ 100 еседен аспауға тиіс.

5 мг/дм^3 дейін көмір, 10 мг/дм^3 дейін фосфад, мыс, 2 мг/дм^3 дейін сульфид, фенол, 100 мг/дм^3 дейін несепнәр, сілтілі, сілтілі-жер элементтер, магний, аммоний, мұнай өнімдері, алюминий, мырыш, қорғасын, кадмий, сульфат, хлоридтің болуына рұқсат етіледі. Сонымен қатар ацетальдегид, басқа алифат альдегидтерінің 150-еселік мөлшерінің болуына рұқсат етіледі. Көрсетілген шамаларды арттыру кезінде басқа талдау әдісін қолдану қажет.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 қаулысымен бекітілген «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 796 қаулысымен бекітілген «Ғимараттарды, үй-жайларды және имараттарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сөндіру дабылы, өрт кезінде адамдарға хабарлау және шығаруды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламенті.

ҚР СТ 2.1-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлікті қамтамасыз ету жүйесі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 2.18-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлікті қамтамасыз ету жүйесі. Өлшемдерді жүргізу әдістемелері. Әзірлеу, метрологиялық аттестаттау, тіркеу және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1174-2003 Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлері, орналастыру және қызмет көрсету.

ҚР СТ ГОСТ Р 51232 - 2003 Ауыз су. Сапаны бақылау ұйымдары мен әдістеріне қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ ГОСТ Р 51592-2003 Су. Сынамаларды іріктеуге қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ ГОСТ Р 51593-2003 Ауыз су. Сынамаларды іріктеу.

ГОСТ 12.01.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктелім және жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.01.019-79 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздігі. Қорғау түрлеріне қойылатын жалпы талаптар және номенклатура.

ГОСТ 17.1.5.05-85 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Беткі және теңіз суы, мұзы және атмосфералық жауын-шашын сынамаларын іріктеуге қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 25336-82 Зертханалық шыны ыдыс пен жабдық. Типтері, негізгі параметрлер мен өлшемдер.

ГОСТ 3117-78 Реактивтер. Сірке қышқылының аммонийі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 3118-77 Реактивтер. Тұз қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4204-77 Реактивтер. Күкірт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ ИСО 5725-6-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы және дәлдігі). 6-бөлім. Дәлдік мәндерін тәжірибеде қолдану.

ГОСТ 6709-72 тазартылған су. Техникалық шарттар.

РМГ 76-2004 Мемлекеттік өлшемді қамтамасыз ету жүйесі. Сандық химиялық талдау нәтижелері сапасының ішкі бақылауы.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде жыл сайын шығарылатын ағымдағы жылдағы жағдайға «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» және ағымдағы жылы жарияланған, ай сайын шығарылатын ақпараттық көрсеткіштерге сәйкес келетін ақпараттық көрсеткіш бойынша сілтемелік стандарттардың және классификаторлардың әрекеттерін тексерген дұрыс болады. Егер сілтеме құжаты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырусыз күшін жойған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте пайдаланылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 2.1, ҚР СТ 2.18, ГОСТ ИСО 5725-6 бойынша терминдер қолданылады.

4 Әлшеу дәлдігінің кәрсеткіштері

4.1 Өлшеу дәлдігі көрсеткішінің мәндері – 2-қамту коэффиценті кезіндегі осы әдістеме бойынша салыстырмалы кеңейтілген өлшеу белгісіздігі - 1-кестеде келтірілген.

Әдістеме дәлдігі көрсеткіштерінің мәндерін мына жағдайларда қолданады:

- зертхана беретін өлшеу нәтижелерін рәсімдеу;
- зертханада сынақ жүргізу сапасын бағалау;
-нақты зертханада өлшеу нәтижелерін пайдалану мүмкіндігін бағалау.

1-кесте – Әлшеу дәлдігі кәрсеткіштерінің мәндері

Өлшеу ауқымы, мг/дм^3	Бір рет өлшеу нәтижесі үшін $k = 2$ қамту коэффиценті кезіндегі кеңейтілген салыстырмалы белгісіздік, $U_{салыст.}(X)$, %	Екі параллель анықтамалардың орташа арифметикалық нәтижесі үшін $k = 2$ қамту коэффиценті кезіндегі кеңейтілген салыстырмалы белгісіздік, $U_{салыст.}(\overline{X})$, %
Ауыз су		
0,02-ден 0,5-ті қоса алғанға дейінгі	25	22
Табиғи және ағын сулары		
0,02-ден 0,5-ті қоса алғанға дейін	34	30
1-ЕСКЕРТПЕ $U_{салыст.}(X)$ және $U_{салыст.}(\overline{X})$ мәндер өлшеу қателігінің сипаттамаларына сәйкес келеді ($P = 0,95$ сенімділік мүмкіндігі үшін салыстырмалы өлшеу қателігінің сенімді шектері және параллель қосулардың тиісті саны). 2-ЕСКЕРТПЕ $U_{салыст.}(X)$ және $U_{салыст.}(\overline{X})$ үшін метрологиялық аттестаттау туралы куәліктің қосымшасында сәйкесінше U_1 және U_2 белгілері қолданылған		

5 Әлшеу құралдары, қосымша құрылғылар, реактивтер мен материалдар

5.1 Әлшеу құралдары

Құрамындағы формальдегидтің салмақтық концентрациясын өлшеу кезінде мынадай өлшеу құралдарын қолданады:

– 0,1 мг бөлігі және 210 г ең үлкен өлшеу шегі бар арнайы дәлдік класының зертханалық таразысы;

– 2-2-5 $см^3$ және 2-2-10 $см^3$ бір белгісі бар тамшуырлар;

– сыйымдылығы 1-2-5 $см^3$ 2-ші дәлдігік класты градуирленген тамшуырлар;

– 2-100-2 $см^3$, 2-500-2 $см^3$, 2-50-2 $см^3$ өлшегіш колбалар;

– 1 мг/$см^3$ салмақтық концентрациялары бар формальдегид ерітіндісінің мемлекеттік стандартты үлгісі, Р = 0,95 ықтималдық үшін ± 1 % салыстырмалы қателік;

– өлшеу құралдары белгіленген мерзімде салыстырып тексерілуге тиіс.

Ұқсас немесе біршама жоғары метрологиялық сипаттамалары бар өлшеу құралдары мен стандартты үлгілерді пайдалануға болады.

5.2 Реактивтер

Құрамындағы формальдегидтің салмақтық концентрациясын өлшеу кезінде мынадай реактивтер қолданылады:

Тазартылған су	ГОСТ 6709
Сірке қышқылды аммоний, х.т	ГОСТ 3117
1,3-Циклогексадион, Тұз қышқылы, х.т.	ГОСТ 3118
Күкірт қышқылы, х.т.	ГОСТ 4204

Ұқсас немесе басқа нормативтік-техникалық құжаттама бойынша әзірленген біршама жоғары біліктілікті, соның ішінде импорттық реактивтерді қолдануға болады.

5.3 Қосымша құрылғылар

Құрамындағы формальдегидтің салмақтық концентрациясын өлшеу кезінде мынадай қосымша құралдар, материалдар мен ерітінділер қолданылады:

±5°С дейінгі дәлдікті 50 °С-ден 100 °С-ге дейін ауқымдағы температураның ұсталуын қамтамасыз ететі құрылғы, мысалы температураны реттегіші бар су моншас немесе термореактор	
Кез келген маркалы тұрмыстық тоңазытқыш	
Тұрмыстық электр плитка	
Бұрандалы қақпағы бар қызуға төзімді шыны виалалар (сыртқы диаметрі 15 мм, сыйымдылығы 10 $см^3$), сыйымдылығы 5 немесе 10 см3 тегістелген тығындары бар шыны түтік	ГОСТ 25336
Сыйымдылығы 250 $см^3$ конус тәрізді колбалар	ГОСТ 25336
Зертханалық құйғыштар	ГОСТ 25336

«Көк бау» күлсіздендірілген сүзгілер
Сынаманы айдауға арналған шыны аппарат
(Б қосымшасы, Б.1 суреті)
Сынамаларды іріктеу және сақтауға арналған сыйымдылығы 100 $см^3$-тан 500 $см^3$-қа дейінгі бұрандалы қақпағы бар қою қара шыныдан жасалған үлкен шөлмектер.

ЕСКЕРТПЕ Шыны ыдысты дайындау ережесі В қосымшасында келтірілген.

6 Әлшеу әдісі

Өлшеу әдісі аммоний ондары болған жағдайда формальдегидтің 1,3-циклогександионмен өзара әрекеттесуі кезінде люминесценциялайтын қосылудың пайда болу реакциясын жүргізуге негізделген. Формальдегидті сынаманың араластыратын құрауыштарын бөлу үшін оны айдайды.

7 Қауіпсіздік талаптары

Құрамындағы формальдегидтің салмақтық концентрациясын өлшеу кезінде ГОСТ 12.1.007 бойынша химиялық реактивтермен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техника талаптары, ГОСТ 12.01.019 бойынша электр құрылғыларымен жұмыс істеу кезіндегі электр қауіпсіздігінің талаптары сақталуға тиіс.

Үй-жайлар «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті мен ГОСТ 12.1.004 бойынша талаптарға сәйкес келуге тиіс. Сонымен қатар, «Ғимараттарды, үй-жайларды және имараттарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сөндіру дабылы, өрт кезінде адамдарға хабарлау және шығаруды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламентіне сәйкес өрт автоматикасы жүйелерімен жабдықталуға тиіс.

Өрт сөндіру құралдары «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентіне және ҚР СТ 1174-ке сәйкес орналастырылуға және қызмет көрсетілуге тиіс.

8 Оператор біліктілігіне қойылатын талаптар

Өлшеу және олардың нәтижелерін өңдеуге жоғары және орташа арнайы химиялық білімі немесе химиялық зертханада жұмыс тәжірибесі бар, тиісті нұсқаулықтан өткен, үйрену процесінде әдісті игерген және өлшеу нәтижелері сапасын бақылау процедураларын орындау кезінде оң нәтижелер көрсеткен мамандарды жіберуге рұқсат етіледі.

9 Әлшемдерді орындау шарттары

Өлшеудің қажетті дәлдігі қамтамасыз етілетін қоршаған орта шарттары мыналар:

- ауа температурасы	(20 ± 5) °С
- атмосфералық қысым	84,0 кПа-дан 106,7 кПа-ға дейін 630 мм сын. бағ.-нан 800 мм сын. бағ. дейін;
- ауаның ылғалдылығы	25 °С температурада 80 % артық емес,
- желі кернеуі	(220 ± 22) В
- ауыспалы ток жиілігі	(50 ± 1) Гц

10 Әлшемдерді орындауға дайындау

10.1 Сынамаларды іріктеу және дайындау

Ауыз су сынамасын іріктеу ҚР СТ ГОСТ Р 51593, беткі су - ГОСТ 17.1.5.05, ағынды су – ҚР СТ ГОСТ Р 51592 бойынша жүргізіледі.

Сынамаларды іріктеу алдын ала іріктелетін сумен шайылған қою қара шыныдан жасалған үлкен шөлмекте жүргізіледі.

Іріктелетін сынама көлемі кемінде 100 $см^3$ құрайды. Сынама талдауын сынаманы іріктеген сәттен бастап 24 сағат ішінде орындау қажет. Шөгіндісі бар сынамаларды алғашқы 25 $см^3$ сүзгіні алып тастай отырып, «көк бау» сүзгісі арқылы сүзу қажет.

Су сынамасы күннің тура сәулесіне тап болмауға тиіс. Зертханаға жеткізу үшін сынамалары бар ыдыстарды олардың сақталуын қамтамасыз ететін және температураның күрт түсуінен сақтайтын арнайы ыдыспен қаптайды.

10.2 Анализаторды жұмысқа дайындау Пайдалану жөніндегі нұсқауға сәйкес жүргізіледі. Қозу каналына № 13, тіркеу каналына - № 9 жарықсүзгісін оранластырады.

10.3 Қосымша ерітінділерді дайындау

10.3.1 тазартылған суды дайындау

1,3-циклогександион (10.3.2-т.) мен формальдегид (10.3.3 – 10.3.5 т.) ерітінділерін дайындау үшін, сондай-ақ фон ерітіндісін дайындау үшін (10.4-т.) және сынама сынамасын айдау үшін (11-т.) тазартылған суды қайнату, салқындату және жабық шыны ыдыста бір тәуліктен асырмай сақтау қажет.

10.3.2 Аммиак-ацетонды буферлік ерітіндідегі 1,3-циклогександион ерітіндісі

10 г сірке аммонийін 50 – 60 $см^3$ тазартылған суда ерітеді де, пайдаланар алдында 12 сағат бойы ұстайды. Ерітіндіні сақтау мерзімі тоңазытқышта – 2 ай.

1-ЕСКЕРТПЕ Формальдегид ерітіндісі мен 1,3-циклогександион ерітіндісін бірге сақтауға болмайды.

2-ЕСКЕРТПЕ Аммиак-ацетон буферлік ерітіндіде 1,3-циклогександион ерітіндісін

дайындау кезінде реактивтерді араластыру тәртібін өзгертуге болмайды.

10.3.3 Салмақтық концентрациясы 100 мг/дм^3 формальдегид ерітіндісі

Формальдегид ерітіндісінің 5 см^3 ГСО құрамын сыйымдылығы 50 см^3 өлшеуіш колбаға салады да, 10.3.1-т. бойынша белгіге дейін тазартылған сумен араластырады. Ерітінді 1 ай бойы тұрақты болады.

10.3.4 Салмақтық концентрациясы 10 мг/дм^3 формальдегид ерітіндісі

100 мг/дм^3 салмақтық концентрациясы бар 5 см^3 формальдегид ерітіндісін 10.3.3-т. бойынша сыйымдылығы 50 см^3 өлшегіш колбаға орналастырады да, 10.3.1-т. бойынша белгіге дейін тазартылған сумен араластырады. Ерітінді 1 ай бойы тұрақты болады.

10.3.5 Салмақтық концентрациясы 0,5 мг/дм^3 талдауышты градуирлеуге арналған формальдегид ерітіндісі.

10.3.4 бойынша 10 мг/дм^3 салмақтық концентрациясы бар 5 см^3 формальдегид ерітіндісін іріктеп алады да, сыйымдылығы 100 см^3 өлшегіш колбада 10.3.1-т. бойынша белгіге дейін тазартылған сумен араластырады. Ерітіндіні тура қолданар алдында дайындайды.

10.4 Градуирлеуге арналған ерітінділерді дайындау

Градуирлеуге арналған ерітінділерді бұралатын қақпақпен ыдыстарда (виалаларда) дайындайды. Бұрандалы қақпағы бар екі ыдысты 2 см^3 –тан 10.3.2 т. бойынша реагент ерітіндісі. Содан соң бірінші ыдысқа 10.3.1 т. бойынша 3,0 см^3 тазартылған суды, екінші ыдысқа 0,5 мг/дм^3 салмақтық концентрациясы бар 3,0 см^3 формальдегид ерітіндісін құяды (№ 1 және сәйкесінше № 2 ерітінділері). Ыдыстардың қақпақтарын бұрайды да, оларды су моншасына орналастырып, 100 °С-де 10 минут қыздырады.

Ерітінділерді суық суы бар стаканға салып салқындатады да, 10.5 т. бойынша анализаторды градуирлейді. Дайындалған ерітінділерді жарықта ұзақ уақыт қалдыруға болмайды.

1-ЕСКЕРТПЕ Виала болмаған жағдайда, тығыз кептелген тығыны бар пробирканы пайдалануға болады. Бұл ретте мыналарды назарға алған жөн:

а) Құрамында формальдегиді бар гардуирлеу ерітіндісімен пробирканы, сонымен қатар құрамында формальдегидтің жоғары мөлшері бар жұмыс ерітіндісін төменгі концентрациялы ерітінділер мен фон ерітінділері бар пробиркалардан барынша алыстау етіп су моншасына қою қажет;

б) Барлық пробиркалар мен тығындарды градиурлеу ерітінділері мен сынамаларының әр жаңа топтамасын дайындар алдында міндетті түрде кептіру қажет;

в) Әдістемеде көрсетілген салмақтық концентрацияның анықталатын мәнінің төменгі шегіне көрсетілген талаптар мұқият сақталған жағдайда ғана қол жеткізіледі.

2-ЕСКЕРТПЕ Өлшеу дәлдігін бақылаудың оң нәтижелер болған жағдайда, реакцияны жүргізудің басқа температуралық режимін (мысалы, 45 минут бойы 60 °С қыздыру) пайдалануға рұқсат етіледі.

10.5 Анализаторды градуирлеу және градуирлеу сипаттамасының қолайлылығын тексеру.

Градуирлеуді 10.4-т. бойынша дайындалған № 1 және № 2

флуоресценция ерітінділерінің сигналын өлшеу жолымен сынамаларды әр топтамадан талдау кезінде іске асырады.

Градуирлеу сипаттамасының қолайлылығын тексеруді анализаторды әр градуирлеуден кейін жүргізеді. Ол бір немесе бірнеше қоспалардағы (2-кесте, № 1-5 қоспалар) формальдегидтің салмақтық концентрациясын өлшеуден тұрады. Үлгіні дайындау 10.4 т. бойынша градуирлеу ерітінділері мен сынама ерітінділерін бір уақытта дайындау арқылы жүргізіледі. Ерітінділерді тура қолданар алдында дайындайды.

Орнатылған градуирлеу сипаттамасын қолдана отырып, «Өлшеу» режимінде бақылауға арналған үлгідегі формальдегидтің салмақтық концентрациясын өлшейді. Егер тиісті қоспадағы формальдегиттің салмақтық концентрациясынан алынған мәннің нақты мәннен ауытқуы формальдегидтің салмақтық концентрациясы мәнінің барлық ауқымында 15 % аспайтын болса, анализаторды градуирлеу қанағаттанарлық деп саналады.

2-кесте – Градуирлеу сипаттамасының қолайлылығын тексеруге арналған қоспалар

Қоспа №	Құрауыштар	Көлемі, $см^3$	Салмақтық концентрация, $мг/дм^3$
1	10.3.4 т. бойынша ерітінді	5-тен 100-ге	
	Тазартылған су	дейін	0,5
2	10.3.4 т. бойынша ерітінді	2,5-тен 100-ге	
	Тазартылған су	дейін	0,25
3	№ 1 қоспа	20-дан 100-ге	
	Тазартылған су	дейін	0,1
4	№ 1 қоспа	10-нан 100-ге	
	Тазартылған су	дейін	0,05
5	№ 1 қоспа	5-тен 100-ге	
	Тазартылған су	дейін	0,025

11 Әлшеуді орындау

Бір уақытта кемінде екі параллель сынаманы талдайды. Керітартпалыққа негізделген талдауларды орындау кезінде тек бір параллель сынаманы ғана талдауға болады.

Айдау құрылғысының колбасына (Б қосымшасы, Б.1 суреті) 25 $см^3$ сынаманы енгізеді де, 2 $см^3$ концентрацияланған күкірт қышқылын қосады да, 10 $см^3$ –тан 12 $см^3$ –қа дейінгі дистилятты айдайды. Содан соң айдау құрылғысының колбасына 10.3.1 т. (10 – 12 $см^3$ көлем) бойынша тазартылған су қосады да, 20 – 22 $см^3$ дистиллят алғанша айдауды жалғастырады. Дистиллятты 10.3.1 т. бойынша тазартылған сумен сыйымдылығы 25 $см^3$

өлшегіш колбаға белгіге дейін жеткізеді.

Бұрандалы қақпағы бар ыдысқа (виала) алынған ерітіндіні 3 $см^3$-тан іріктейді де, 10.3.2 т. бойынша 2 $см^3$-тан реагент ерітіндісін қосады. Виалаларды су моншасына салып, 100 °С кезінде 10 минут бойы анализаторды градуирлеуге арналған ерітінділермен бір уақытта қыздырады. Ерітінділерді салқындатады да, «Өлшеу» режимінде сынамадағы формальдегидтің салмақтық концентрациясын өлшейді. Дайындалған ерітінділерді жарықта ұзақ уақыт қалдыруға болмайды.

ЕСКЕРТПЕ Сынаманы айдау үшін іріктелетін көлемді өзгертуге, сонымен қатар, егер осы жұмыс сынамасы типі үшін өзгертілген процедураны қолданумен (15 т.) өлшеу сапасын бақылаудың оң нәтижелері алынса, формальдегидті айдау сатысын алып тастауға болады. Егер сынаманы айдамаса, онда 3$см^3$ бастапқы сынаманы үйкелген тығыны бар пробиркаға іріктеп алады да, осы тармақта қарастырылған барлық операцияларды жүргізеді.

12 Өлшеу нәтижелерін өңдеу

Сынама құрамындағы формальдегидтің салмақтық концентрациясын өлшеу нәтижесі ретінде 11-тарауда сипатталған өлшеу нәтижелері бойынша орындалған бір реттік өлшеу нәтижелері немесе төмендегі шарт орындалатын параллель анықтаулардың $n = 2$ нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні алынады:

$$X_{max} - X_{min} \leq 0{,}01 \cdot \overline{X} \cdot r, \qquad (1)$$

мұнда, X_{max} – параллель анықтаудың ең үлкен нәтижесі, мг/$дм^3$;

X_{min} - параллель анықтаудың ең кіші нәтижесі, мг/$дм^3$;

$\overline{X}$ - параллель анықтау нәтижелерінің орташа арифметикалығы, мг/$дм^3$;

r – қайталанғыштық шегінің мәні (3-кесте), %.

(1) шарттар орындалмаған жағдайда, параллель анықтау қолайлылығын тексеру және ГОСТ ИСО 5725-6-2003 (7-бөлім) сәйкес соңғы нәтижені белгілеу әдістері қолданылуы мүмкін.

3-кесте – $P = 0.95$ сенімділік ықтималдығы үшін қайталанғыштық шегінің мәні

Өлшем ауқымы, мг/$дм^3$	Қайталанғыштық шегі (екі параллель анықтаулар арасындағы рұқсат етілетін айырмашылықтардың салыстырмалы мәні), *r*, %
Ауыз су	
0,02-ден 0,5-ке дейінді қосқанға дейін	22
Табиғи және ағынды сулар	
0,02-ден 0,5-ті қосы алғанға дейін	31

13 Әлшеу нәтижелерін рәсімдеу

Қолданылуы қарастырылатын құжаттардағы өлшеу нәтижелері мына түрде ұсынылуы мүмкін:

$$\overline{X} \pm U(\overline{X}), \text{ мг/дм}^3,$$

мұнда $\overline{X}$ - екі параллель анықтау нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні, мг/дм^3;

$U(\overline{X})$ – өлшеу дәлдігі көрсеткішінің мәні (екі параллель анықтаудың орташа арифметикалық мәні үшін 2 қамту коэффицентімен кеңейтілген өлшеу белгісіздігі), мг/дм^3:

$$U(\overline{X}) = 0{,}01 \cdot U_{салыст.}(\overline{X}) \cdot \overline{X} \qquad (2)$$

$U_{салыст.}(\overline{X})$ мәндері 1-кестеде келтірілген.

2. $X \pm U(X)$, мг/дм^3,

мұнда X - бір өлшем нәтижесі, мг/дм^3;

$U(X)$ – өлшеу дәлдігі көрсеткішінің мәні (бір өлшем нәтижесі үшін 2 қамту коэффицентімен кеңейтілген өлшеу белгісіздігі), мг/дм^3:

$$U(X) = 0{,}01 \cdot U_{салыст.}(X) \cdot X \qquad (3)$$

$U_{салыст.}(X)$ мәндері 1-кестеде келтірілген.

Зертхана беретін құжаттарда өлшеу нәтижелерін мына түрде ұсынуға рұқсат етіледі: $X \pm U_n$, мг/дм^3

мұнда, X – әдістемеде жазылғанға дәл сәйкестікте алынған өлшеу нәтижелері (бір реттік нәтиже немесе параллель анықтаудың орташа (орташа арифметикалық немесе медиана) нәтижелері), мг/дм^3;

U_n – бір реттік нәтиже немесе параллель анықтаудың орташа арифметикалығы үшін зертханаларда әдістемені іске асыру кезінде белгіленген және өлшеу нәтижелері тұрақтылығын бақылаумен қамтамасыз етілетін өлшеу дәлдігі көрсеткішінің мәні (2 қамту коэффиценті бар кеңейтілген өлшеу белгісіздігі), мг/дм^3.

ЕСКЕРТПЕ Зертхана беретін құжаттардағы өлшеу нәтижелерін ұсыну кезінде өлшеу нәтижесін есептеу үшін қолданылған параллель анықтау нәтижелерінің санын, сонымен қатар өлшеу нәтижелерін (орташа арифметикалық мәнді немесе медианаы) анықтау тәсілін көрсетеді.

14 Жаңғыртушылық жағдайларында алынатын нәтижелердің үйлесімділігін тексеру

Екі зертханада алынған бірдей өлшеу нәтижелері арасындағы айырмашылық жаңғыртушылық шегінен аспауға тиіс:

$$X_{1,\ зерт.} - X_{2,\ зерт.} \le 0{,}01 \cdot X_{орт.} \cdot R \qquad (4)$$

мұнда, $X_{1,\ зерт.}$ – бірінші зертханада алынған өлшеу нәтижесі, мг/дм^3;

$X_{2,\ зерт.}$ – екінші зертханада алынған өлшеу нәтижесі, мг/дм^3;

$X_{орт.}$ – екі зертханада өлшеу нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні,

мг/дм^3;

R – жаңғыртушылық шегінің мәні (4-кесте), %.

Егер екі зертхананың әрқайсысында параллель анықтаудың екі нәтижесі алынса, зертханаларда алынған орташа арифметикалық мәндердің арасындағы айырмашылық $CD_{0,95}$ сыни айырмашылықтан (4-кесте) аспауға тиіс:

$$\overline{X}_{1,\ зерт.} - \overline{X}_{2,\ зерт} \le 0,01 \cdot \overline{X}_{орт.} \cdot CD_{0,95} \qquad (5)$$

мұнда, $\overline{X}_{1,\ зерт.}$ – бірінші зертханада алынған өлшеу нәтижесі, мг/дм^3;

$\overline{X}_{2,\ зерт.}$ – екінші зертханада алынған өлшеу нәтижесі, мг/дм^3;

$\overline{X}_{орт.}$ – екі зертханадағы өлшеу нәтижесінің орташа арифметикалық мәні, мг/дм^3.

4-кесте – Жаңғыртушылық шектері мен $P = 0,95$ сенімділік ықтималдығына арналған сыни түрлілік мәндері

Өлшеу ауқымы, мг/дм^3	Жаңғыртушылық шегі (түрлі зертханаларда алынған екі бірдей нәтижелер арасындағы рұқсат етілетін айырмашылықтың салыстырмалы мәні), R, %	Сыни түрлілік (түрлі зертханаларда алынған екі орташа арифметикалық өлшеу нәтижелері арасындағы рұқсат етілетін айырмашылықтың салыстырмалы мәні), $CD_{0,95}$, %
Ауыз су		
0,02-ден 0,5-ке дейінгі қоса	35	31
Табиғи және ағын су		
0,02-ден 0,5-ке дейінгіні қоса	48	43
ЕСКЕРТПЕ РМГ 76 ұсыныстарындағы сыни түрліліктің екі талдау нәтижесі үшін жаңғыртушылық шегі деп аталады және ол үшін R белгісі қолданылады.		

(4) және (5) шарттары орындалмаған жағдайда, екі өлшеу нәтижесі де қолайлы және соңғысы ретінде олардың жалпы орташа мәні қолданылуы мүмкін. Жаңғыртушылық шегін арттыру кезінде ГОСТ ИСО 5725-6 (5-тарау) сәйкес өлшеу нәтижелерінің қолайлылығын бағалау әдістерін қолдануға болады.

ЕСКЕРТПЕ Зертханааралық салыстыруларды жүргізу кезінде сынамаларды сақтау және тасымалдау шарттары, сондай-ақ оларды сақтау мерзімі (10.1 т.) қатаң сақталуға тиіс. Осы ереженің сақталмауы салыстырудың теріс нәтижелерінің себебі болуы мүмкін.

15 Зертханаларда әдістемені іске асыру кезінде өлшеу нәтижелерінің сапасын бақылау

Зертханаларда әдістемені іске асыру кезінде өлшеу нәтижелерінің сапасын бақылау мыналарды қарастырады:

- өлшеу процедураларын жедел бақылау;
- қайталанғыштық, дәлдік пен дұрыстық көрсеткіштерінің орташа квадраттық ауытқу тұрақтылығын бақылау негізінде өлшеу нәтижелерінің тұрақтылығын бақылау.

Өлшем жүргізуді процедураларын жедел бақылауды бақылау нормативімен $К_д$ жеке алынған бақылау процедураларының нәтижесін салыстыру жолымен жүргізеді. Бақылауға арналған үлгілер табиғи, ағынды және ауыз судың жұмыс сынамасы болып табылады. Бақылау үшін іріктелген сынама көлемі әдістеме бойынша талдау жүргізу үшін қажетті екі еселенген көлемге сәйкес келуге тиіс. Бақылау процедурасының нәтижесін $К_к$ мына формула бойынша есептейді:

$$К_к = X' - X - C_д \quad (6)$$

мұнда, X – жұмыс сынамасындағы формальдегид салмақты концентрациясының бақылау өлшеуінің нәтижесі (12 т.), мг/дм^3;

X' – белгілі қоспасы бар (12 т.) сынама құрамындағы формальдегидтің салыстырмалы концентрациясының бақылау өлшемінің нәтижесі, мг/дм^3;

$C_д$ - формальдегид қоспасының шамасы, мг/дм^3.

Қосу шамасы бастапқы сынама құрамындағы формальдегид мөлшері 50-ден 150 % -ға дейін құрауға тиіс. Қоспа көлемі сынама көлемінен 5 % аспауға тиіс. Егер бастапқы сынамадағы формальдегид мөлшері өлшеу ауқымының төменгі шегінен кем болса, қоспа шамасы өлшеу ауқымының төменгі шегінен 2 – 3 есе асуға тиіс.

Қоспа шамасын ($C_д$, мг/дм^3) мына формула бойынша есептейді:

$$C_д = \frac{C_o \cdot V_o}{V}, \quad (7)$$

мұнда, C_o – қоспаны енгізуге арналған стандартты үлгідегі (аттестатталған қоспа) формальдегидтің салмақты концентрациясы, мг/дм^3;

V_o – қоспа реніде енгізілген стандартты үлгі (аттестатталған қоспа) көлемі, см^3;

V – сынама көлемі, см^3.

Бақылау нормативін $К_д$ мына формула бойынша есептейді:

$$К_д = \sqrt{U^2_{л,X} + U^2_{л,X'}} \quad (8)$$

мұнда, $U_{л,\ X}$ және $U_{л,\ X'}$ - жұмыс сынамасында және тиісті қоспасы бар сынамада формальдегидтің салмақтық концентрациясына сәйкес келетін әдістемені іске асыру кезінде зертханада белгіленген өлшеу нәтижесі

дәлдігінің көрсеткіштері (2 қамту коэффиценті бар кеңейтілген белгісіздік), мг/дм^3.

Егер зертханада кеңейтілген салыстырмалы белгісіздік мәндері белгіленсе ($\tilde{U}_{л,X}$ және $\tilde{U}_{л,X'}$), онда $U_{л,X}$ және $\tilde{U}_{л,X'}$ мына формула бойынша есептейді:

$$U_{л,X} = 0{,}01 \cdot \tilde{U}_{л,X} \cdot X \; ; \tilde{U}_{л,X'} = 0{,}01 \cdot \tilde{U}_{л,X'} \cdot X \qquad (9)$$

Бақылау процедурасының сапасын мына шарттар орындалған жағдайда қанағаттанарлық деп таниды:

$$K_к \le K_д \qquad (10)$$

Егер (10) орындалмаса, бақылау процедурасын қайталайды. Осы шарт қайта орындалмаған жағдайда, теріс нәтижелерге әкеліп соқтыратын себептер анықталып, оларды жою бойынша шаралар қолданылады.

Өлшеу процедурасын орындаушының бақылау кезеңділігі, сондай-ақ өлшеу нәтижелерінің тұрақтылығын бақылаудың жүзеге асырылатын процедуралары Зертхананың сапасы жөніндегі нұсқауда регламенттеледі.

ЕСКЕРТПЕ Зертханада әдістемені енгізу кезінде өлшеу дәлдігінің рұқсат етілетін көрсеткіштерін төмендегі формула негізінде белгілейді:

$U_л$ = 0,84 · U (X) немесе $U_л$ = 0,84 · U ($\overline{X}$) орындалатын параллель анықтаулар санына байланысты (U (X) және U ($\overline{X}$) мәндерін сәйкесінше (2) және (3) формулалар бойынша есептейді), кейін өлшеу нәтижелері тұрақтылығын бақылау процесінде ақпараттың жиналу шамасын нақтылайды.

А қосымшасы

(ақпараттық)

Әлшеу белгісіздігінің бюджеті

Өлшеу белгісіздігінің бюджеті А.1 және А.2 кестелерде келтірілген.

А.1 кестесі - Әлшеу белгісіздігінің бюджеті (ауыз су)

Белгісіздік көзі	Типті бағалау	Стандартты салыстырмалы белгісіздік, %
Қоспа шамасының тірек мәні u_1, %	В	1,5
Қосу әдісімен жылжу шамасын белгілеу u_2, %	А	4,8
Қайталанғыштық жағдайларында өлшеу нәтижелерінің стандартты ауытқуы * u_r, %	А	8,0
Аралық дәлдік жағдайларында өлшеу нәтижелерінің стандартты ауытқуы ** $u_{1(O,E)}$, %	А	11,5
Жиынтық стандартты салыстырмалы белгісіздік, u_c, %		12,5
Бір өлшем нәтижесінің кеңейтілген салыстырмалы белгісіздігі $U_{салыст.}(X)$ ($k = 2$ қамту коэффициенті), %		25
Екі параллель анықтаудың орташа арифметикалық нәтижесінің кеңейтілген салыстырмалы белгісіздігі $U_{салыст.}(\overline{X})$ ($k = 2$ қамту коэффициенті), %		22
1-ЕСКЕРТПЕ (*) Аралық дәлдік шарттарында алынған өлшеу нәтижелерінің стандартты ауытқуын есептеу кезінде есепке алынды 2-ЕСКЕРТПЕ (**) «Оператор» және «жабдық» факторлары		

А.2 кестесі – Әлшеу белгісіздігінің бюджеті (табиғи және ағынды су)

Белгісіздік көзі	Типті бағалау	Стандартты салыстырмалы белгісіздік, %
Қоспа шамасының тірек мәні u_1, %	В	1,5
Қосу әдісімен жылжу шамасын белгілеу u_2, %	А	7,5
Қайталанғыштық жағдайларында өлшеу нәтижелерінің стандартты ауытқуы* u_r, %	А	11,0
Аралық дәлдік жағдайларында өлшеу нәтижелерінің стандартты ауытқуы** $u_{1(O,\ E)}$, %	А	15,0
Жиынтық стандартты салыстырмалы белгісіздік, u_c, %		17
Бір өлшем нәтижесінің кеңейтілген салыстырмалы белгісіздігі $U_{салыст.}$ (X) ($k = 2$ қамту коэффициенті), %		34
Екі параллель анықтау орташа арифметикалық нәтижесінің кеңейтілген салыстырмалы белгісіздігі $U_{салыст.}$ ($\overline{X}$) ($k = 2$ қамту коэффициенті), %		30

1-ЕСКЕРТПЕ (*) Аралық дәлдік шарттарында алынған өлшеу нәтижелерінің стандартты ауытқуын есептеу кезінде есепке алынды

2-ЕСКЕРТПЕ (**) «Оператор» және «жабдық» факторлары

Б қосымшасы

(ақпараттық)

Формальдегидті айдауға арналған құрылғы сызбасы



Б.1 суреті – Формальдегидті айдауға арналған құрылғы сызбасы

1 – электр плитка, 2 – түбі тегіс колба, 3 – сабы, 4 – тығын,
5 – тоңазытқыш, 6 – аллонж, 7 - қабылдағыш

В қосымшасы

(ақпараттық)

Әлшеуге арналған химиялық ыдысты дайындау

Формальдегидтің салмақтық концентрациясын өлшеу үшін төмендегі ережелерді басшылыққа ала отырып, ыдыс тазалығын мұқият сақтаған жөн.

В.1 Химиялық ыдыстарды жуу үшін концентрацияланған күкірт қышқылын немесе концентрацияланған азот қышқылын пайдалануға болады. Жуу үшін соданы, сілтіні, барлық синтетикалық жуғыш зат түрлерін, хром қоспаларын пайдалануға, сонымен қатар шлифтерге кез келген майлағыштарды жағуға ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

В.2 Ыдыс алдын ала құбыр суымен жуылады, содан соң оған шамамен ½ қышқыл (В.1 т.) мөлшерін құяды да, онымен барлық ішкі бетін мұқият шаяды, содан кейін арнайы ыдысқа құяды. Тамшуырларды белгіден жоғары қышқылмен толтырады. Содан соң кемінде 5 рет тазартылған сумен жуады.

В.3 Әр ерітінді үшін өз тамшуырын қолдану қажет. Колбадан ерітіндіні стақанға құяды да, одан тамшуырға сорып алады. Тамшуырды ерітіндіге толық батыруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

В.4 Формальдегидті анықтауға арналған жеке ыдыс жинағы болуы қажет.

ӘӘЖ 621.3.089.6 **МСЖ 17.020**

Түйінді сөздер: флуориметрлік әдіс, формальдегидтің салмақтық концентрациясы, өлшеу әдістемесі



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВОДА

Определение содержания формальдегида флуориметрическим методом

СТ РК 2392-2013

(ISO 5725-6-1994 «Точность (правильность и прецензионность) методов и результатов измерений. Часть 6. Использование значений точности на практике», NEQ)

Издание официальное

Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан
(Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт метрологии» Комитета технического регулирования и метрологии, ООО «Люмэкс-маркетинг» (г. Санкт-Петербург, Россия)

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от «22» ноября 2013 г. № 538-од

3 Настоящий стандарт разработан на основе ISO 5725-6-1994 «Точность (правильность и прецензионность) методов и результатов измерений. Часть 6. Использование значений точности на практике», включая техническую поправку 1 Cor.1:2001.

Степень соответствия – неэквивалентная (NEQ).

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2018 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений – в ежемесячных информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Национальные стандарты».

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан

Содержание

1 Область применения	1
2 Нормативные ссылки	1
3 Термины и определения	2
4 Сущность метода	3
5 Средства измерений, вспомогательные устройства, реактивы и материалы	3
5.1 Средства измерений	3
5.2 Реактивы	4
5.3 Вспомогательные устройства	4
6 Показатели точности измерений	5
7 Требования безопасности	5
8 Требование к квалификации оператора	5
9 Условия выполнения измерений	5
